Жетісу облысының сәулет және қалақұрылыс басқармасы
2026 жылғы III тоқсанда атқарған жұмыстары туралы ақпарат

Жетісу облысының сәулет және қалақұрылыс басқармасы *(бұдан әрі - Басқарма)* сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады.

1. Бүгінгі таңда Жетісу облысының елді мекендерінің бас жоспарлармен қамтамасыз етілуі 100% (356 е/м) құрайды және қажеттілігіне қарай түзетулер жүргізілуде. Облыс бойынша елді мекендердің егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен қамтамасыз етілуі 20,5 % құрайды.

Жетісу облысы аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын әзірлеу (түзету) бойынша жұмыстар жалғасуда.

Сонымен қатар, Басқарманың тапсырысы бойынша Үшарал қаласының, сондай-ақ Алакөл ауданындағы Көлбай ауылының, Ескелді ауданындағы Шымыр, Бақтыбай және Сырымбет ауылдарының және Алакөл ауданы Алакөл көлі жағалауындағы ойын аумағының қала құрылысы жобалары әзірленуде.

2. Басқарма 2026 жылдың III тоқсанының қорытындысы бойынша барлық қаржыландыру көздері есебінен тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша деректерді жинастыру жұмыстарын жүргізуде.

Сондай-ақ, Басқарма «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы» интернет-порталын құру үшін (32-ші қадам) облыстың барлық елді мекенінің электрондық картасын әзірледі. Осы жұмыстардың құрамында облыстың барлық елді мекендерінің мекен-жайларын түгендеу бойынша жұмыстар орындалды (*жергілікті жердегі барлық бастапқы жылжымайтын мүлік нысандарын аралау*).

Бүгінгі күні III тоқсанның қорытындысы бойынша аудандық және қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерімен енгізілген деректерге мониторинг жүргізілуде.

Облыстың өзектендірілген электрондық картасының көшірмесі «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасын» жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментіне тұрақты негізде жолданады.

3. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Мемлекеттік қызмет көрсету Ережесіне сәйкес уақытылы көрсетіледі.

2026 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында аудандық және қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерімен «Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» 3076 мемлекеттік қызмет және «Эскизді (эскиздік жобаны) келісу» 2558 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

4. Жоғары тұрған органдардың (ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Үкіметінің Аппараты, орталық атқарушылық органдар, облыс әкімдігі) тапсырмалары уақытылы, әрі сапалы орындалуда.

Басқарма басшысының у.м.а. **С. Мекебекұлы**